

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН БІЛІМ МЕН СЕНІМ АРАСЫН ҮЙЛЕСТІРУШІ

Қоңыратбай Т. Ә. – пед.ғылымдарының кандидаты, Ыбырайтанушы Нұрсұлтан қаласы.

Мақалада Ыбырайдың жеке басы, тұлғалық сапасы да білім мен сенімнің синтезіне негізделгені көрсетілген. Ол – діни білім мен ғылыми білімнің иесі.

Түйінді сөздер: білім, сенім, тұлға.

Ұлы ағартушымыз Ы.Алтынсарин бұрын соңды ешкімнің ойына келмеген, тісі батпаған, қазақ даласына білім тарату ісін қалай жүзеге асырған? Ол өзінің еңбек жолында соншама оң жетістіктерге қалай жеткен? Саяси-әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, т.б. кедергілер көп сияқты еді ғой.

Шешуін табу үшін сол кезеңдегі құбылыстарға талдау жасап көрелік. Біріншіден, ол – сонау Ресей империясының қазақ даласындағы кертартпа саясаты күшейген, екіншіден, қазақтардың қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық қайшылықтардан қиналған, үшіншіден, соқыр сенімнен басқа сенімі жоқ, дүмше молдалардың ықпалында қалған, сондығынан хат тануға ықыласы жоқ кезең еді. Осындай күрделі тарихи кезеңде Ыбырай Алтынсарин қалайша қазақтарды білімге баурап әкетті? Әлде ол Жаратушының тікелей қолдауымен болған іс пе?

Ыбырай жеке басының немесе өз әулетінің даңқын шығару үшін емес, халық игілігі үшін Жаратушы силаған перзент. О баста Жаратушының қалауы болмаса, Балғожаның ақ тілеуі мен бағыштауынсыз, Ыбырайдың адал ниеті мен игі мақсаты, өзіне деген сенімі мен білімі, тегеурінді әрекетінсіз, әрине біз бүгінде Алтынсаринды ұлы тұлға ретінде тани алмас едік. Осы ретте «Алтынсарин өзінің қыруар істерін қандай тетіктер(механизмдер) арқылы жүзеге асырған?» деген де сауал туындайды. Қазіргі дамыған педагогика ғылымы тұрғысынан қарасақ, Ы.Алтынсарин ХХІ ғасырда Ресей академигі Б.С.Гершунскийдің зерттеп, талдаған, педагогикалық айналымға енгізген **білім мен сенімнің синтезі туралы, яғни үйлесімі** жайлы тұжырымын білмесе де, оны өз тәжірибесінде жүзеге асырған болып шығады. Осы тұжырымды шартты түрде **үйлесім тетігі** делік. Ол Алтынсаринның педагогикалық шығармашылығындағы басты тетіктің бірі (механизм) ретінде көрінеді. Біздіңше, оны дұрыс қолдану Ыбырайды түпкі мақсаты мен арманына жеткізуге себеп болған. Әрине Б.С.Гершунский теориялық тұрғыда айтқан білім мен сенім үйлесімін Алтынсаринның білуі мүмкін емес еді, бірақ өзінің ұлы істерінің кілті ретінде тұтынғаны көрініс береді. Білім мен сенімнің бөлінбес тұтастығын, маңыздылығын жүрегімен, санасымен ұққан Алтынсарин оларды өзара байланыста ұстаған. Сондығынан ел арасында білімді ғана жалаң ұран етіп, біржақты тірлік жасамай, білімді сеніммен үйлестіріп, дұрыс жолда болған. Ағартушының білімі оның ықпалды сенім күшіне негізделгендіктен, ол қазақтарды білімге мұқтаж ету, ата-аналардың, балалардың білімге сенімін арттыру арқылы сенім ахуалын орнату тәсілдері арқылы шығармашылық табыстарға жетіп отырған. Қазақ тұрмысын көшпенділіктен отырықшылдыққа көшіру де, оларды білімге мұқтаж етудің, өзінің білім идеясына кәміл сендірудің, сенім ахуалын орнатудың бір тәсілі, мәселені қалайда түбегейлі шешудің тетігі болған деп санаймыз.

Осы тетік арқылы Ыбырай қазақтар арасында сенім ахуалын орнатып, білім таратқан, олардың санасын оятып, мектеп ашып, рухани өмірін бір сатыға көтергендіктен, халқының сеніміне ие болған. Ыбырайдың жүрген жерінде сенім ахуалын орнату шеберлігі де өз алдына бір тақырып десе де болғандай. Оның білімі мен сенім күшіне қазақтар түгілі, тіпті дұшпандары: бірыңғай соқыр сеніммен халық санасын улап жүрген дүмше молдалар, тіпті Ресей империясының сауатты өкілдері де тәнті болған кездер жоқ емес.

Айтқандарымызды ұғына түсу үшін сенім ұғымына талдау жасалық. Аталмыш ұғымға әртүрлі сөздіктер өзінше анықтама береді екен. 1. жеке адам мен қоғам арасындағы қатынастардың сапалық өлшемін білдіреді. 2. сенім – күткен үміт, ықылас, ниет.(қазақ тілі сөздігінде). Мұнда сенімнің біліммен үйлесімділігі туралы ләм-мим делінбейді. Ал философиялық анықтамаға жүгініп көрсек, онда сенімді ғылыммен алмастыруға тырысады. Дінтану сөздігінде құдіретке сену, діни догмаларға сенуді алға тартады да, сенім білімнен мүлде алшақ тұрады. Бұл анықтамалар Алтынсарин заманындағы білім мен сенім арасының бір-бірінен алшақ болғандығын ғана көрсете алады. Ресей академигі Б.С.Гершунскийдің тұжырымы бойынша білім мен сенім арасындағы үйлесімнің күні бүгінге дейін педагогикалық процестегі орны толмай келеді. Аталмыш тұжырым бойынша, білім мен сенім менталитеттің компоненттері ретінде қарастырылғаны дұрыс, олардың синтезі болмайынша, менталдық сапа болмайды, ал менталдық сапа болмаса көзқарас қалыптаспайды. Көзқарас тұлғаның құндылықтар жүйесіне тәуелді дегенге саяды.

Түрлі сөздіктерде берілген анықтамаларды толықтыра түсу үшін және академик Б.С.Гершунский тұжырымына үн қосу мақсатында, **Сенімнің тарихи – жүйелік моделін** жасаған едік.(қараңыз: Білім және сенім. мақала Тана Қоңыратбай.//БІЛІМ ОБРАЗОВАНИЕ (ғылыми-педагогикалық журнал) (37) 2008, №1, 54-59 бб.) Онда сенім ұғымын адамдар арасындағы өзара сенім, діни сенім; догмалық сенім(соқыр сенім), атеистік сенім, ғылыми сенім,үкімет пен халық арасындағы сенім, т.б. тарихи кезеңдерге бөліп, білім мен сенімнің үйлесіміне мән берген едік. Бір кезеңдерде діни сенім діни білім

тудырып, діннің ықпалы күшейді, білім мен сенім қайшылыққа түсіп, олардың арасы алшақтады дей келіп, сенім білім мен дін арасын жалғайды деген түйін жасадық. Бізге қажеті тек білімге, немесе дінге негізделген біржақты сенім емес, дінге, білім- ғылымға негізделген сенімнің тұтастығы. Сенім өзінің бастауын алғашқы педагогикалық ой-пікірлерден емес, ежелгі діннен алған дейміз. Себебі сенімнің адам санасынан орын алуы алғашқы наным-сенімдерден басталған. Сенім адамның қозғаушы күші, адамгершілік асыл қасиеттердің, имандылықтың қалыптасуы сенімнен басталады.

Шындығында Алтынсарин заманында білім бір басқа, сенім бір басқа болғаны белгілі. Бір жағынан соқыр сенімді насихаттаған дүмше молдалар білімге қарсы тұрса, Алтынсарин оның орнына білім мен қазақтардың ежелгі діни сенімін алға тартқан. Екеуінің арасындағы қайшылықтан қазақтар арасындағы сенім ахуалы нашарлап тұрған кезең еді. Көпшілік арасында сенімді тек дін арқылы қалыптастыруға болады деген біржақты пікір басымдық болды. Алтынсарин сенімге діни білім мен ғылыми білімнің үйлесімі арқылы шықты. Білімді насихаттаған ол өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай, өз ісін халық санасында білімге деген сенім тудырудан бастады. Қазақтарды ежелгі діни сенімінен де бас тартқызбай, оны аттап өтпей, біліммен байланыстырып, үйлестіре білді. Орайы келгендіктен, Алтынсаринді «крес таққан көпір», - деп айыптаушыларға айтарымыз: ол діни сеніммен емес, ғылыми білімге қарама-қайшылық тудырған, білімді діни сенімге қарсы қойған догмалық сеніммен күресті. Діни сенімді оқулыққа ендіріп, біліммен ұштастырған ағартушының «**Мұсылманшылықтың тұтқасы**» атты кітабы соның айғағы. Алтынсарин соқыр сенім арқылы емес, халықтың ежелден келе жатқан діни сеніміне және адам мен қоғам арасындағы өзара сенімге иек арта отырып, халықтың білімге оң көзқарасын қалыптастырып, оны құндылықтар жүйесі қатарына қосты. Білім мен сенімді қатар ұстау арқылы сол кездегі ата-аналар, оқушылар, қазақ меценаттары, тіпті Ресей империясының оқымысты өкілдерімен де сенім ахуалын орнату мүмкіндіктері пайда болды.

Догмалық сенім басым болып тұрған кезеңде білім тарату ісінде қазақ халқының діни сенімін біліммен үйлестіру – білімнің маңызын арттырды, оған мұқтаждық пен дұрыс көзқарас тудырды. Күні бүгінге дейін педагогикалық процеске жетпейтін осындай нәзік элементтер баршылық. Олар Ыбырай тәжірибесінен көрініс беріп жатса, Алтынсаринның өз заманынан оқ бойы озық болғандығының және бір дәлелі болмақ.

Осы ретте Ыбырайдың жеке басы, тұлғалық сапасы да білім мен сенімнің синтезіне негізделген дер едік. Ол – діни білім мен ғылыми білімнің иесі. Оның бойында сенімнің мынадай түрлері болған: Жаратушыға сенімі, өзіне сенімі, білімге сенімі, идеясын жүзеге асырудағы сенім күші, тіршілікке негізделген сенімі, айналасына сенімі, халқына сенімі қуатты болған. Сондай-ақ, тәңірлік дін тудырған сенімі, яки табиғат кереметтеріне сенімі, қазақ халқының мойынсұнған дініне сенімі, білім-ғылымға сенімі және соның барлығының синтезі бір бойдан табылып, бір жүректен орын алып, Алтынсаринды адамдардың сеніміне кіру, санасына өзгеріс ендіру қабілетімен, білімге қызықтыра білу тәсілдерімен қаруландырған. Мұндай мол мүмкіндіктер Жаратушының қалауынсыз берілмесе керек. Ыбырайдың Аллаға сенуі, өзіне, айналасына, ата-аналар мен балалардың сеніміне жүгіну арқылы білім таратып, мектеп ашып, хат танытуы оны шығармашылық жетістіктерге жеткізген. Сонау қиын-қыстау заманда білімнің дәмін татып көрмеген халқын біліммен сусындатқан, шынайы сенім силаған, көзқарасын өзгерткен, санасына қуат берген Ыбырайдың қазақ даласындағы білімнің алғашқы қарлығашы болуының сыры осында.

Әдебиеттер тізімі

1. **Айтбаев О.** Дінтану негіздері. Қарағанды, 2005. 20 б.
2. **Қазақ тілінің сөздігі.** Ред. басқарған Т.Жанұзақов. Алматы, 1999. 568 б.
3. **Философиялық сөздік.** Бас ред. Р. Нұрғалиев. Алматы, Қазақ энциклопедиясы. 1996, 382 б.
4. **Б.С.Гершунский.** Философия образования для XXI века. М., Изд-во «Совершенство». 1998. С. 608.
5. **Қоңыратбай Тана. Ә.** Білім және сенім.//Білім Образование. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының ғылыми-педагогикалық журналы. №1(37)2008.54-59-бб.